


А. Кегенбекова^{1*} , О. Жұбай² ,

А. Акар³ , А. Солтанбекова¹ 

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³Мұғла Сытқы Кочман университеті, Мұғла, Түркия

*e-mail: kegenbekova.altyn@gmail.com

ЛИНГВИСТИКА ТЕРМИНДЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ-СЕМИОТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

Мақалада лингвистика терминдерінің ақпараттық-семиотикалық табиғаты зерттелді. Лексикалық мағына мен терминологиялық мағынаның айырмашылығы, ғылыми және мәдени ақпараттардың берілу ерекшеліктері сипатталды. Зерттеудің мақсаты – лингвистика терминдерінің семиотикалық және ақпараттық сипатын анықтау, когнитивтік құрылыммен байланысын, терминдердің ғылыми коммуникациядағы рөлін көрсету. Талдау нәтижесінде терминнің үш түрлі қыры бар екендігі анықталды: семиотикалық, ақпараттық, когнитивтік. Мақалада терминнің осы үш сипаты жеке-жеке талданып өзара байланысы анықталды. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы лингвистикалық терминдерді номинативтік бірлік ретінде емес, ғылыми ақпарат пен мәдени танымды біріктіретін семиотикалық құрал ретінде сипаттаудан көрінеді. Зерттеудің практикалық маңыздылығы қазақ тіл білімі терминдерін жүйелеу, лингвистика терминдерінің сөздігін құрастыру, тіл білімін оқытуда пайдалануға негізделеді. Зерттеудің әдістемесі ретінде теориялық талдау, салыстырмалы және сипаттамалы әдіс, тірек-сызба әдісі, когнитивтік талдау әдісі қолданылды. Зерттеудің материалы ретінде қазақ тіл білімінің терминдері, терминологиялық сөздіктер мен ғылыми еңбектер алынды. Лингвистикалық терминдердің ұлттық таныммен байланысы Ахмет Байтұрсынұлы жасаған грамматика терминдерінің уәжін көрсету арқылы айқындалды. Зерттеу нәтижесінде терминдер ғылыми ұғымды таңбалайтын тілдік бірліктер ғана емес, ғылыми ақпаратты кодтайтын, сақтайтын, жеткізетін семиотикалық құрал екендігі анықталды. Бұл мақала лингвистика терминдерін ақпараттық-семиотикалық тұрғыдан талдау арқылы терминология теориясын толықтыруымен құнды. Алынған нәтижелерді терминология, когнитивтік лингвистика, лингвосомиотика салаларындағы зерттеулерде қолдануға болады.

Түйін сөздер: лингвистика терминдері, терминология, семиотика, ғылыми коммуникация, ғылыми ақпарат, когнитивтік тіл білімі.

A. Kegenbekova^{1*}, O. Zhubay², A. Akar³, A. Soltanbekova¹

¹A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

³Mugla Sitki Kocman University, Mugla, Turkey

*e-mail: kegenbekova.altyn@gmail.com

The Informational and Semiotic Nature of Linguistic Terms

The article investigates the informational and semiotic nature of linguistic terms. The differences between lexical meaning and terminological meaning, as well as the features of transmitting scientific and cultural information, are described. The aim of the study is to identify the semiotic and informational characteristics of linguistic terms, determine their connection with cognitive structures, and demonstrate the role of terms in scientific communication. The analysis shows that a term has three main aspects: semiotic, informational, and cognitive. These characteristics are examined separately, and their interrelation is revealed in the article. The scientific significance of the research lies in considering linguistic terms not as merely nominative units, but as semiotic tools that integrate scientific information and cultural cognition. The practical significance of the study is related to the systematization of Kazakh linguistic terminology, the compilation of dictionaries of linguistic terms, and the application of the results in linguistics education. The research methodology includes theoretical analysis, comparative and descriptive methods, schematic modeling, and cognitive analysis. The research material consists of terms of Kazakh linguistics, terminological dictionaries, and scientific works. The connection between linguistic terms and national cognition is demonstrated through the motivation of grammatical terms created by Akhmet Baitursynuly. The study concludes that terms are not only linguistic units denoting

scientific concepts, but also semiotic tools for encoding, storing, and transmitting scientific information. This article contributes to the development of terminology theory by providing an informational and semiotic analysis of linguistic terms. The results obtained can be applied in research in terminology studies, cognitive linguistics, and linguistic semiotics.

Keywords: linguistic terms, terminology, semiotics, scientific communication, scientific information, cognitive linguistics.

А. Кегенбекова^{1*}, О. Жубай², А. Акар³, А. Солтанбекова¹

¹Институт языкознания имени А. Байтурсынулы, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

³Университет Мугла Ситки Кочман, Мугла, Турция

*e-mail: kegenbekova.altyn@gmail.com

Информационно-семиотическая природа лингвистических терминов

В статье исследуется информационно-семиотическая природа лингвистических терминов. Рассматриваются различия между лексическим и терминологическим значением, а также особенности передачи научной и культурной информации. Цель исследования – определить семиотические и информационные характеристики лингвистических терминов, выявить их связь с когнитивными структурами и показать роль терминов в научной коммуникации. В результате анализа установлено, что термин обладает тремя основными аспектами: семиотическим, информационным и когнитивным. В статье данные характеристики анализируются отдельно и выявляется их взаимосвязь. Научная значимость исследования заключается в рассмотрении лингвистических терминов не как номинативных единиц, а как семиотических средств, объединяющих научную информацию и культурное познание. Практическая значимость работы состоит в возможности использования полученных результатов при систематизации терминов казахского языкознания, составлении словарей лингвистических терминов, а также в процессе преподавания лингвистических дисциплин. В качестве методологии исследования применялись методы теоретического анализа, сравнительный и описательный методы, метод опорных схем, а также когнитивный анализ. Материалом исследования послужили термины казахского языкознания, терминологические словари и научные труды. Связь лингвистических терминов с национальным мышлением показана на примере мотивированности грамматических терминов, созданных Ахметом Байтурсынулы. В ходе исследования установлено, что термины являются не только языковыми единицами, обозначающими научные понятия, но и семиотическими средствами кодирования, хранения и передачи научной информации. Ценность данной статьи заключается в дополнении теории терминологии информационно-семиотическим анализом лингвистических терминов. Полученные результаты могут быть использованы в исследованиях по терминологии, когнитивной лингвистике и лингвосомиотике.

Ключевые слова: лингвистические термины, терминология, семиотика, научная коммуникация, научная информация, когнитивная лингвистика.

Кіріспе

Тілді когнитивті бағыт тұрғысынан зерттеу оның коммуникативтік қызметті орындаудан басқа дүниені тану, яғни таным құралы ретіндегі қызметін тануға жол ашты. Тіл арқылы адам санасында ақпаратты қабылдау, жүйелеу, сақтау және жеткізу үдерістері жүзеге асады. Бұл үдерістер ұғымға атау беру арқылы жүзеге асады. Таным нәтижесінде жаңа ұғымға атау беріледі. Сондықтан жаңа ғылыми ұғымдардың атауын терминдер деп атаймыз. Жаңа бағыттағы зерттеулер терминдердің белгілі бір ғылыми ұғымды атайтын номинативтік сипаттағы тілдік бірліктер ғана емес, оларға ақпараттық және семиотикалық сипат та тән екендігін көр-

сетті. Термин де белгілі бір ғылыми ақпаратты кодтап, сақтап, тарату қызметтерін атқаратынын айқындады.

Терминдердің ақпараттық-семиотикалық табиғатын зерттеу – соңғы кезеңдерде зерттеле бастаған тақырыптардың бірі. Терминдер тілдік таңба ретінде семиотика ғылымының күрделі жүйесін құрайды. Бірақ сөздер мен терминдердің тілдік таңба ретіндегі қызметі мен олардың бойындағы ақпараттың берілу ерекшеліктерін тереңірек зерттеу өзекті мәселелердің бірі. Терминдер жай ғана сөздер емес, *арнайы мағына беретін сөздер* болғандықтан, оның ақпараттық және семиотикалық табиғатын зерттеу басқа тілдік таңбалардан негізгі айырмашылығын ашып көрсетеді.

Әр ғылым саласының өзіндік терминдері бар және терминдер жүйесі белгілі бір ғылымның метатілін құрайды. Ал тіл білімінде қолданылатын терминдер – тілдің ішкі құрылымының мазмұнын сипаттайтын, сол туралы ақпаратты кодтайтын метатаңбалар. Мысалы, *фонема, морфема, семема, лексема, дискурс, прагматика, синтагматика* және тағы басқа терминдер тілдің ішкі құрылымын сипаттайды, тіл туралы ұғымдарды кодтайды.

Терминнің ақпараттық сипаты белгілі бір ғылыми ұғым туралы ақпаратты жинақтап, жеткізу қызметін білдірсе, ал семиотикалық табиғаты таңба мен оның мағынасының арақатынасы арқылы көрінеді. Терминді ақпараттық-семиотикалық тұрғыдан қарастыру оның ұғымдық жүйесін тереңірек түсінуге көмектеседі.

Тілдік бірліктердің таңбалық сипаты Ф. де Соссюр, Ч. Пирс, Р. Барт, Ю. Лотман сынды ғалымдардың еңбектерінен бастау алады. Қазақ тіл білімінде терминология мәселесі А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ә. Қайдар, Ө. Айтбаев, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, т.б. ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Осы уақытқа дейін терминжасамның теориясы мен әдістері, принциптері зерттеліп келді. Ал терминнің ақпараттық-семиотикалық сипаты зерттеу нысаны ретінде соңғы жылдары ғана айтылып келеді, осы тақырыптағы ауқымды еңбектер әзірге жеткіліксіз. Осы мәселе мақаланың өзектілігін құрайды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі лингвистика терминдерінің ақпараттық-семиотикалық табиғатының, ғылыми коммуникациядағы рөлінің, ғылыми ақпаратты кодтау, сақтау, жеткізу қызметтерін атқару сипатының зерттелуінде. Мақаланың мақсаты – тіл білімі терминдерінің ақпараттық-семиотикалық ерекшеліктерін анықтау, ғылыми танымдағы қызметін сипаттап көрсету. Зерттеудің ғылыми жаңалығы лингвистика терминдерінің семиотикалық, ақпараттық және когнитивтік қырларының өзара бірлікте қарастырылуынан көрінеді. Сонымен қатар мақалада лексикалық мағына мен терминологиялық мағынаның ақпараттық айырмашылығы жүйеленіп көрсетілді. Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдердің ұлттық тілдік негізі мен уәжділігі ақпараттық-семиотикалық тұрғыдан сипатталды.

Осы зерттеуде қолданылатын негізгі ұғымдар төмендегідей түсіндіріледі. Тілдік таңба – жалпы лингвистикалық категория ретінде форма мен мағынаның бірлігін білдіретін таңбалық бірлік. Термин – арнайы ғылыми ұғымды

таңбалайтын тілдік бірлік. Метатаңба – тіл туралы ұғымды білдіретін екінші деңгейлі таңба, яғни тілдің өзін сипаттауға қызмет ететін таңба. Ал семиотикалық құрал дегеніміз таңбалау, кодтау және ақпарат жеткізу қызметін атқаратын бірлік. Осы тұрғыдан алғанда лингвистика терминдері тілдік таңба ретінде жалпы таңбалық сипатқа ие болса, метатаңба ретінде тіл туралы ғылыми ұғымдарды білдіреді, ал семиотикалық құрал ретінде ғылыми ақпаратты жүйелеу мен жеткізу қызметін атқарады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының негізгі материалы ретінде қазақ тіл білімінің терминдері, А. Байтұрсынұлы жасаған грамматикалық терминдер жүйесі алынды. Қолданылған материалдар терминдердің семиотикалық, ақпараттық және когнитивтік сипаттарын ашуға негіз болды.

Мақалада лингвистика терминдерінің ақпараттық-семиотикалық сипаты қалай көрініс табады, терминнің когнитивтік табиғатымен қалай байланысады деген мәселелер қамтылды. Зерттеу нәтижесінде қазақ тіл білімі терминдері ғылыми ақпаратты кодтайтын және ұғымдық құрылымды танытатын семиотикалық құрал деген болжам ұсынылды.

Терминдердің ақпараттық-семиотикалық және когнитивтік табиғатын сипаттау үшін теориялық талдау мен сипаттамалы әдіс қолданылды. Термин мен сөздің арақатынасын талдау, сөздердің лексикалық мағынасы мен терминологиялық мағынасының айырмашылығын көрсету үшін салыстырмалы әдіс пайдаланылды. Лексикалық мағына мен терминологиялық мағыналарды сипаттауда тірек-сызба әдісі қолданылды. Термин арқылы ақпаратты қабылдау, жүйелеу, сақтау, жеткізу үрдістерін түсіндіруде когнитивті әдіс пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу

Семиотика – бір сөзбен айтқанда, таңба туралы ғылым. XIX ғасырдың ортасында америка философы, логик әрі математик Чарльз Сандерс Пирс (1931) семиотика ғылымының негізін қалап, оның үш түрін ажыратады, оларды *икона, индекс және код* деп атады. Соның ішінде тілдік таңбаларды *код* немесе *символ* деген топқа жатқызады. Кейіннен таңба туралы ғылымға елеулі жаңалықты Чарльз Моррис (1938) әкелді. Ғалым *объект, таңба, интерпретанта* деген

үш ұғымға төртінші – *интерпретатор* дегенді қосты. Сондай-ақ, семиотиканың үш негізгі саласын айқындап берді. Олар: прагматика, семантика, синтактика. Прагматика ғылымы осы еңбектен бастау алады. Аталған ғалымдардың ішіндегі ерекше айтып өтетініміз таңба мәселесін өзге қырынан зерттеп, әсіресе, тілдік таңбаға тереңірек тоқталған, семиотиканың тіл біліміндегі сипатын айқындаған ғалым – Фердинанд де Соссюр. Ф. де Соссюрдің (1916) ерекшелігі, ең алдымен, таңбаның екі жақты сипатын айқындады, яғни, таңбаның *таңбалаушысы* мен *таңбаланушысы* барын көрсетті. Бұл таңбаның формасы (таңбалаушы) мен мағынасы (таңбаланушысы) бар екендігін білдірді. Сондай-ақ тілдік таңбаның екі мағынасын көрсетті: 1) оның нақты мағынасы, яғни оның басқаларға ұқсамайтын өзіндік қасиеттері (мысалы, түсіндірме сөздіктегі нақты белгілері, қасиеттері сипатталған мағынасы); 2) абстрактілі мағынасы, яғни сөздің басқа сөздермен қатысына қарай анықталатын мағынасы, басқаша айтқанда контекстегі мағынасы. *Таңбаланушы* мен *таңбалаушыға* келсек, таңбаланушы – ой мазмұны болса, таңбалаушы осы мазмұнның сөз, сөз тіркесі, т.б. ретінде берілуі.

Ф. де Соссюрдің еңбектерінен кейін тілдік таңбалар терең зерттеле бастады. Семиотика мен тіл білімінің тоғысының нәтижесінде жаңа ғылым саласы – лингвосемиотика қалыптасты.

Тілді семиотиканың объектісі ретінде қарастыру бірқатар мәселелерді шешуге көмектесті. Таңба түрлерінің ішінде тілдік таңбаның табиғатын, басқа таңбалардан ерекшелігін анықтауда, түрлерін айқындауда т.б. мәселелерді шешуде лингвосемиотика ғылымында бірнеше мектеп болғандығы белгілі. Олар: феноменологиялық (Л. Блумфилд, Е.В. Падучева, Р.Г. Пиотровский, Ю.И. Левин, А.А. Зиновьев, т.б.), логико-психологиялық (А.А. Ричардс, Ч.К. Огден, А.А. Леонтьев, т.б.), билатералды (В. Фон Гумбольдт, А.А. Потебня, И.А. Бодуэна де Куртенэ, Ф. де Соссюр ойларынан бастау алады). Соңғы аталған мектеп өкілдері тілдік таңбаның екі жақты (лат. *bi* – екі, *latum* – жақ), яғни материалды-идеалды құбылыс деп таныды. Тілді материалды-идеалды құбылыс деп тану тілдік таңбалардың жүйесінің қалыптасуына негіз болды.

Тілді таңба деп танысақ, тілдік таңбаларға қандай бірліктерді жатқызамыз деген сұрақ туындайды. Осы орайда белгілі тілші ғалымдар өзіндік ой-пікірлерін ұсынады. Атап айтар болсақ Э. Бенвенист (1966), С. Ульман (1957),

Дж. Ричардс (1989) т.б. ғалымдар тілдік таңбаға тек қана сөзді жатқызады Ф. де Соссюр (1916), Ч. Моррис (1938), Л. Ельмслев (1973) т.б. тілдік таңба ретінде морфемаларды, сөз тіркестерін, сөйлемді алады. Ал Ю.С. Маслов (2005), Л.М. Васильев (2005) т.б. тілдік таңбаға фонемадан бастап барлық тілдік бірліктерді жатқызады. Тілдік таңба ретінде қандай бірліктерді танысақ та оның басқа таңбалардан басты ерекшелігі шартты таңба болуында, яғни кез келген нәрсені келісім бойынша атай алуы мен кез келген нәрсені оның арнайы таңбасы жоқ болса да айқындай алуында.

Тіл білімінің мақсаты – болмыстың тілде берілу тәсілдерін зерттеу. Дүниедегі құбылыстардың таңбалануы арқылы адам санасында сол туралы ақпарат қалыптасып, таным үрдісі жүзеге асады. Тіл мен таным арақатынасы туралы қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Ә. Қайдар, т.б. ғалымдар еңбектерінде айтыла бастады. А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атауы тілдің тек қатынас құралы емес, таным құралы ретіндегі қызметін де көрсетеді. Ғалымның терминдерді ұлттық тілден алуында, оның тілдік бірліктердің ақпаратты қабылдау, есте сақтау, мәдени, ғылыми ақпаратты тарихтан тарихқа жеткізу сынды қызметтеріне баса назар аударғанын байқаймыз. Қ. Жұбанов та лингвистика терминдерін ұлттық тілдік қордан жасаудан бөлек, заттар мен құбылыстар және олардың атаумен байланысы, дүниеге көзқарас арқылы ат қою, таным мен оның тілдегі көрінісі жайлы ғылыми ой толғатып, біраз мәселенің ұшы-қиырын көрсетеді. Ғалымның: «Сөз деген – зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің білген затының, білген құбылысының ғана аты. ... Танымаған кісінің атын білмегеніміз сияқты, білмеген нәрсенің аты да тілімізде болмайды» – деген пікірінен «сөз – адам санасындағы зат, құбылыс туралы танымның көрінісі» деген қорытынды жасаймыз, әрі таным мен тілдік таңбаның екі жақты байланысын көреміз: танымды таңбалау үшін, жеткізу үшін сөз керек, сөзді санаға қалыптастыру үшін, есте сақтау үшін сол сөздің ұғымы туралы таным болу керек (Жұбанов, 1966, б. 152).

Ө. Айтбаев, Ә. Қайдар, Ш. Құрманбайұлы сынды ғалымдар терминнің құрылымдық және мазмұндық жүйелілігі, уәжділігі, ұлттық таныммен байланысын зерттеді. Аталған ғалымдардың еңбектерінде терминнің тек тілдік бірлік қана емес, ақпараттық, танымдық және мәдени код ретіндегі маңызы ашып көрсетілді.

Нәтижелер мен талқылау

Термин туралы зерттеулер оның ақпараттық-семиотикалық сипаты тілдің құрылымдық және танымдық ерекшеліктерімен қатар, ұлттық тілдік негізбен де сабақтас екенін көрсетті. Терминнің мәні үш негізгі қыр арқылы сипатталады: 1) семиотикалық – терминнің мағынасы мен формасы арасындағы байланыс; 2) ақпараттық – терминнің беретін мағынасы, ғылыми коммуникациядағы қызметі; 3) когнитивтік қыр – терминнің ғылыми ұғымды адам санасында құрылымдауымен, жүйелеуімен және таным нәтижесі ретінде қалыптасуымен байланысты сипаты.

Осы зерттеуде терминнің үш негізгі қыры ажыратылып қарастырылады. Біріншіден, семиотикалық қыр терминнің таңба ретіндегі табиғатын, яғни форма мен мағына арасындағы байланысты білдіреді. Екіншіден, ақпараттық қыр терминнің ғылыми ақпаратты жинақтау, кодтау және ғылыми коммуникацияда жеткізу қызметімен сипатталады. Үшіншіден, когнитивтік қыр терминнің ғылыми таным нәтижесі ретінде қалыптасуын және оның ұғымдық құрылыммен байланысын көрсетеді. Бұл үш қыр өзара тығыз байланысты болғанымен, зерттеуде әрқайсысы дербес талдау нысаны ретінде қарастырылады.

Терминнің осы қырларына жеке-жеке тоқталсақ

1. Семиотикалық тұрғыдан термин – таңбалар жүйесінің бір бөлігі, яғни тілдік таңба. Ч. Моррис (1938) ұсынған таңба, объект (нысан), интерпретанта үштік моделі бойынша термин ғылыми нысанды бейнелейді, ұғымды кодтайды, ақпаратты қабылдаушы тараптан интерпретацияланады.

2. Барлық таңба түрлеріне ортақ белгі – олардың белгілі бір ақпаратты жеткізуінде, яғни коммуникативтік аспектісінде. Кез келген таңба адамдардың қажеттілігін өтеу мақсатында жасалып, қолданысқа ие болады. Осы жағдайда тілдік таңбалардың басқа таңбалардың ерекшелігі айқын көрінеді. Сөз термин ретінде қолданылғанда арнайы ұғымға ие болып, арнайы мақсатта қолданылады. Осы тұста терминдерді *арнайы мағынаны білдіру үшін жұмсалатын тілдік таңба* десек те болады. Терминнің сөзден басты айырмашылығы арнайы, ғылыми ұғымды білдіруі десек, демек термин – белгілі бір ғылым саласында қалыптасқан жаңа ұғымды таңбалайтын тілдік таңба және бір сала ішінде сол ұғымға ғана таңба ретінде алынады. Бұл туралы

Ф.А. Циткина: «Термин – это языковой знак, репрезентирующий научное понятие специальной, профессиональной отрасли знания» деп пікір білдіреді (Циткина, 1988, с. 10). Терминнің сөзден басты айырмашылығы да осында, термин – белгілі бір ғылыми ұғым туралы жүйеленген ақпаратты қысқа әрі нақты түрде жеткізетін тілдік таңба түрі. Ғылыми мәтіндерде ғылыми ақпарат терминдер арқылы кодталып беріледі. Мысалы, *phoneme, morpheme, syntax* сияқты халықаралық терминдер әртүрлі тілде әртүрлі таңбаланып берілгенімен, ғылыми мазмұны жағынан бір ұғымды білдіреді. Сол арқылы әр ұлттың ғалымдары бірін-бірі түсініп, коммуникацияға түсе алады.

3. Кейбір терминдерде ғылыми ақпаратпен қатар ұлттық таныммен сабақтас мағыналық негіз де сақталады. Өйткені белгілі бір халықтың тілін ғылыми түрде сипаттайтын терминдер көбіне сол халықтың таным-түсінігіне таныс сөздерден жасалады. Қазақ тіл білімінің терминдерінің негізін қалаған А. Байтұрсынұлы терминдерді жасауда халыққа бұрыннан таныс ұғым-түсініктерді қолданған. Мысалы, *жалғау, жұрнақ, түбір, дыбыс, дауысты, дауыссыз, сөз таптары атаулары, сөйлем, сөйлем мүшелері, бастауыш, баяндауыш*, т.б. терминдерді атап өтуге болады (Байтұрсынұлы, 2017). Бұл терминдер халыққа бұрыннан таныс сөздерден жасалғандықтан да оңай жатталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, әлі де қолданылып келеді. Сондықтан да әр халықтың тілдік құрылымын сипаттайтын терминдер ұқсас болса да әртүрлі болып келеді. Өйткені әр халық өзінің тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен ерекшеленеді.

Терминді үш қырын жеке-жеке қарастырсақ та, олар бір-бірімен тығыз байланысты. Терминнің ақпараттық сипаты оның таңбалық, яғни семиотикалық табиғатымен тығыз байланысты. Терминнің тілдік таңбалардан басты айырмашылығы – оның ғылыми ұғымды білдіретін арнайы таңба болуында. Семиотикалық тұрғыдан терминнің формасы мен мазмұны өзара байланысты. Алайда ғылыми қолданыста оның мағынасы тұрақтылыққа және бірмәнділікке ұмтылады. Бұл қасиет термин беретін ақпараттың дәлдігін қамтамасыз етеді, ғылыми коммуникациядағы қателіктердің алдын алады. Когнитивтік тұрғыдан термин – ғылыми танымның нәтижесі.

Тілдік бірліктер арқылы адамдар кез келген зат, құбылысты таңбаға айналдырып, оны түсіндіріп бере алады. Сөз терминге айнала отырып, белгілі бір ғылым саласының бірлігі болады,

сол ғылымның картинасын жасайды. Осында дүниенің тілдік бейнесі тіл арқылы көрініс табады, тілдік бірліктер арқылы таңбаланады десек, демек терминдер дүниенің тілдік бейнесінің ішінде дүниенің ғылыми бейнесін жасайды, сондағы ұғымдарды таңбалайды. Ғылымның негізгі мақсаты қоршаған дүниені түсіндіру, құбылыстарды жүйелендіру болса, осы мақсатты жүзеге асыру үшін терминдер негізгі көмекші құралға айналады. Дүниені танудың, тілдік бейнесін немесе ғылыми бейнесін жасаудың өзі жүйелілік сипатта болады. Ең алдымен жүйелілік адам санасында орнап, тілді жүйелендіреді, демек ой жүйелілігі тіл жүйелілігіне әкеледі.

Дүниенің ғылыми бейнесінің қалыптасуын келесідей кезеңдерге бөлсек болады:

- ғылым қандай да бір білімді, яғни ғылыми факт, жаңалық, заңды ашып, оларды арнайы тілмен сипаттап, түсіндіреді;

- дүниенің ғылыми бейнесі қоғам санасында қоғамдық тәжірибе ретінде қалыптасады;

- дүниенің ғылыми бейнесі қоғамдық тәжірибе ретінде жас ізденушілер, білім алушыларға үйретіледі;

- әр білім алушының санасында дүниенің ғылыми бейнесі қалыптасады.

Дүниенің тілдік бейнесі де, ғылыми бейнесі де дүниедегі құбылыстардың сараптаудан өткен, жүйеленген моделі. Екеуін де адам жасайды. Екеуінің басты айырмашылығы дүниенің ғылыми бейнесін белгілі бір ғылым саласы мамандарының жасауында деп есептейміз. Бұл туралы С.С. Исақова мынадай пікір келтіреді: «Ғылыми бейне сол ғылым саласындағы маманның танымы мен түсінігінің, тәжірибесі мен білімінің нәтиже-

сі» (Исақова, 2008, б. 121). Соған сәйкес дүниенің тілдік бейнесі сол тілді тұтынушы ұлт өкілдеріне ортақ болса, ғылыми бейнесі ғалымдарға, арнайы мамандарға ортақ. Бірақ дүниенің ғылыми бейнесі дүниенің тілдік бейнесіндегі тәжірибеден шығады. Екеуі де қоғам тәжірибесіне бай ақпаратты қамтиды. Олардың негізгі қызметтерінің бірі – ақпаратты сақтау, жеткізу, қабылдау, т.б. Термин бойында жай ақпарат емес, ғылыми ақпарат, терминологиялық ақпарат жатады. Тілдік бейне тілдік бірліктер арқылы жасалса, ғылыми бейне терминдер арқылы жасалады.

Терминнің танымдық-ақпараттық табиғатын зерттеген М.Н. Володина *терминологиялық ақпарат* ұғымын енгізіп, оған мынадай анықтама береді: «Терминологиялық ақпарат – практикалық және теориялық таным кезінде пайда болып, адам баласының кәсіптік-ғылыми қызметінде пайдаланылатын, тілдік форма арқылы жинақталып берілетін терминологиялық ақпараттың ұғымдық сипаты, көбінесе ғылыми ақпараттың анықтамасымен сәйкес келеді» (Володина, 1996, с. 27).

С.С. Исақова М.Н. Володинаның пікірін негізге ала отырып терминологиялық мағынаның ғылыми ақпаратпен сәйкес келетіндігін айтады, қоғамдық-гуманитарлық терминдерді мысалға ала отырып, термин бойындағы лексикалық мағына мен терминологиялық мағынаның ара жігін ажыратып сәйкесінше, олардан алынатын мағынаның да ерекшеліктерін сызба түрінде көрсетіп кетеді (Исақова, 2008, с. 135). Лингвистикалық терминдердің терминологиялық ақпаратын ғалым С.С. Исақованың сызба-үлгілерін негізге ала отырып көрсетеміз.

1-кесте

Лексикалық мағына мен терминологиялық мағынаның айырмашылығы

Бірлік	Мағына түрі	Анықтамасы	Ақпараттық белгілері
Сөйлем	Лексикалық	Аяқталған ойды білдіретін өзара байланыстағы сөздер тобы	өзара байланыс, сөздер тобы, аяқталған ой
	Терминологиялық	Предикаттық қатынас негізінде құрылып, біршама аяқталған ойды білдіретін синтаксистік тұтастық	предикативтілік, аяқталған ой, синтаксистік тұтастық
Түбір	Лексикалық	Ағаштың, өсімдіктің жерде қалған түбі	өсімдікке қатысты болуы, жер асты бөлігі
	Терминологиялық	Сөздің өз алдына жеке тұрып мағына берем алатын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі формасы	түпкі форма, дербес мағына, бөлшектеуге келмейтіндігі

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылған

Жоғарыдағы сызбаларда лексикалық мағына мен терминологиялық мағынаның ақпараттық айырмашылығы айқын көрінеді. Лексикалық мағына жалпыұлттық тілдік санаға негізделсе, терминологиялық мағына белгілі бір ғылым саласына тән екендігін көреміз. Бірақ терминологиялық ақпарат сөздің жалпы лексикалық мағынасына негізделеді.

Екінші мысалда тіл білімінде ғана емес, әрі ботаникада, әрі анатомияда, әрі математикада қолданылатын терминді алдық. Сөздің термин болып қалыптасуына оның бастапқы лексикалық мағынасы негіз болады. Мұнда түбір термині, ең алдымен, ботаникаға қатысты ұғым, кейіннен анатомия, математика мен тіл білімінде де қолданыла бастады. Қазақ тіл білімінің терминдерінің негізін салған Ахмет Байтұрсынұлы жаңа ұғымдарға атау ретінде жалпы халыққа таныс сөздерді алады. Халық тұрмыс тіршілігінде қолданыстағы сөздерді термин ретінде алу арқылы жаңа ұғым беретін ақпаратты қабылдау, еске сақтау, түсіну процестері оңай жүзеге асады. Ахмет Байтұрсынұлының терминдерінің өміршеңдігінің сыры да осында. Мысалы, *зат есім, сын есім, сан есім, етістік, үстеу, жалғау, жұрнақ, шылау, дыбыс, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, бастаушы, баяндауыш*, т.б. терминдерді қарастырсақ, аталған терминдердің жасалуына негіз ретінде халыққа бұрыннан таныс сөздер алынғанын байқаймыз. Осы жерде *шылау* терминіне тоқталып кетейік. Қазақ танымдында *шылау* сөзі ат әбзелдеріне қатысты қолданылады. «Бабалар сөзінде» «шылау – ат басындағы жүгеннің шаужайы» деген анықтама берілген (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011). Ал «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *шаужайға* берілген анықтама былай: «Ауыздық пен сулық арасына бекітілген, ұзындығы сынық сүйемдей темір» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011). Демек жүгендегі шылаудың қызметі сулық пен ауыздықты байланыстыру болса, шылау терминінің қызметі де солай, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру. Қазақ ұғымында біреудің жетегінде жүрсе, *шылауында болды, шылауына оратылды* деген тұрақты сөз тіркестері қолданылады.

XX ғасыр басында қазақ тілінде ғылым тілі қалыптасып жатқан кезеңде терминтанушы ғалым Е. Омарұлы терминжасам туралы мынадай пікір білдіреді: «Бұрын естілмеген жаңа сөз

елге бірден түсінікті болу керек. Бірақ пән сөз қазақтың өз тілінен алынып, мағынасы азда болса тиісті ұғымды сездіретін болса: оны түсіну қиын болмайды. Сондықтан пән сөзді қолдан келгенше қазақтың өз тілінен алу керек» (Омарұлы, 2017). Осы кезеңде ғалымдар терминжасамда негізінен осы принципті ұстанды десе болады.

Сөздің форма мен мағынаға ие тілдік таңба ретінде ерекшелігінің бірі – көп мағыналы болуында, ауыспалы мағынаға ие болуында. Терминге айналған сөз де форма мен мағынадан тұрады, алайда ол белгілі бір ғылым саласында бір ғана негізгі мағынаға ие болады, бойында нақтылық, дәлдік, жүйелілік болады. Тіл – ақпарат көзі, әрі оны сақтаушы, жеткізуші қызметтерін де атқарады. Тілдік таңбалардың ішінде термин – нақты, дәл ақпаратты беруші бірлік. Жоғарыдағы мысалда тіл білімі терминдерін алдық, сәйкесінше бұл терминдер осы сала аясындағы ақпаратты қамтиды.

Кез келген термин белгілі бір ғылым саласының терминдер жүйесінің бірлігі. Мысалы, *морфология, грамматика, синтаксис, дискурс, прагматика, семантика, фонология* дегендер лингвистика ғылымының терминдер жүйесін құрайды. Ғылыми коммуникацияда бұл терминдер тіл туралы ғылыми ақпаратты беруде жұмсалады, тілдің ішкі құрылымын, заңдылықтарын, категорияларын модельдейді.

Тілдік бірліктердің лексикалық мағынасы мен терминологиялық мағынасын зерттеу нәтижесінде лингвистикалық терминдердің ақпараттық-семиотикалық табиғаты олардың жалпы лексикалық мағынасынан ерекшеленетінін, сол арқылы терминдердің тілдік бірліктерден айырмашылығы көрінетінін анықтадық. Терминдер ғылыми ұғымды таңбалайды, сол арқылы ғылыми ақпаратты жүйелеу, сақтау, жеткізу қызметтерін атқарады. Осылайша терминдер дүниенің тілдік бейнесін қалыптастырады.

Терминдердің таңбалық-ақпараттық сипатын зерттеу нәтижесі олардың ұғымды таңбалап қана қоймай, ғылыми ақпарат пен мәдени танымды да қамтитындығын көрсетеді. Терминдер арқылы ғылыми ұғым жүйеленіп, белгілі бір ғылым саласының концептуалды моделі қалыптасады. Осы арқылы терминдерді ғылыми коммуникацияда ғылыми ақпаратты интерпретациялаушы бірліктер ретінде қарастыруға болады.

Қорытынды

Терминдердің семиотикалық-ақпараттық табиғаты – күрделі де көпқырлы құбылыс. Терминдер ғылыми ұғымды таңбалап қана қоймайды, сонымен қатар ақпаратты жүйелеу, сақтау, жеткізу қызметтерін де атқарады. Сондықтан да термин – ғылыми коммуникацияда қолданылатын негізгі тілдік құрал.

Терминнің семиотикалық сипатын талдағанда оның формасы мен мазмұнына назар аударамыз. Форма мен мазмұн байланысы терминнің мағынасының тұрақты болуына, ғылыми коммуникацияда дұрыс түсінілуі мен қабылдануына мүмкіндік береді. Ал когнитивтік тұрғыдан термин адамның ғылыми танымының нәтижесі ретінде қарастырылады, яғни адам ғылыми таным нәтижесінде қалыптасқан ұғымды термин арқылы репрезентациялайды.

Зерттеу нәтижесінде терминдер де тілдік бірлік ретінде тілдік таңбалар екендігі анықталды. Бірақ терминдердің жай тілдік бірлік емес ғылыми ақпаратты таңба арқылы кодтайтын бірліктер екендігі белгілі болды. Соның ішінде лингвистика терминдері – тіл туралы ақпаратты таңба арқылы кодтайтын тілдік бірліктер.

Сонымен қатар ұлттық тіл негізінде жасалған терминдерде халықтық таныммен сабақтас мағыналық ерекшеліктер де сақталуы мүмкін. Мұнда тіл мен танымның, ғылым мен ұлттық танымның өзара байланысы айқын көрінеді. Осы орайда қазақ тіл біліміндегі терминдердің көпшілігі, әсіресе, А. Байтұрсынұлы жасаған терминдер мәдени танымдық астары бар терминдер екендігі белгілі.

Қорытындылай келе, терминдер ақпараттық, семиотикалық, когнитивтік сипаттардан тұратындығы анықталды. Осы үш сипат бір-бірімен байланыста қызмет атқарады, бірін-бірі толықтырады. Семиотикалық құрылым белгілі бір ұғымды таңбаласа, ақпараттық құрылым ғылы-

ми ақпараттың дұрыс берілуін қамтиды, ал когнитивтік құрылым терминнің мазмұндық негізін құрайды.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR24993244 «Қазақ тілі ұлттық корпусын Smart-мәтіндер мегажобасы және қазақтілді жасанды интеллект негізі ретінде жетілдіру, ішкорпустарын әзірлеу» (2024-2026 жж.) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар осы зерттеуге қатысты қандай да бір кәсіби, қаржылық немесе жеке мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Мақала авторларының үлесі

А. Кегенбекова мақаланың негізгі ғылыми тұжырымдамасын әзірледі, зерттеу мақсаты мен міндеттерін айқындады, лингвистика терминдерінің ақпараттық-семиотикалық табиғатына қатысты негізгі теориялық талдауды жүргізді және мақаланың бастапқы мәтінін дайындады. О. Жұбай зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін нақтылауға, қазақ тіл біліміндегі терминологиялық жүйе мен А. Байтұрсынұлы жасаған терминдердің ғылыми уәжділігін талдауға үлес қосты. А. Акар семиотика, терминология және ғылыми коммуникация мәселелеріне қатысты иетелдік теориялық деректерді жүйелеуге, мақаланың халықаралық ғылыми контекстпен байланысын күшейтуге қатысты. А. Солтанбекова әдебиеттерді жүйелеуге, дереккөздерді нақтылауға, мақала мәтінін техникалық және ғылыми редакциялауға үлес қосты.

Әдебиеттер

- Peirce, C. S. (1931). *Logic as semiotic: The theory of signs*. In *Collected papers of Charles Sanders Peirce* (Vol. 2). Harvard University Press.
- Morris, C. W. (1938). *Foundations of the theory of signs*. University of Chicago Press.
- Saussure, F. de. (1916). *Cours de linguistique générale*. Payot.
- Benveniste, É. (1966). La nature du signe linguistique. In *Problèmes de linguistique générale* (Vol. 1). Gallimard.
- Ullmann, S. (1957). *The principles of semantics*. Basil Blackwell.
- Ogden, C. K., & Richards, I. A. (1989). *The Meaning of Meaning: A Study of the Influence of Language upon Thought and of the Science of Symbolism*. Routledge & Kegan Paul.
- Hjelmslev, L. (1973). *Essais linguistiques II* (Travaux du Cercle Linguistique de Copenhague, Vol. XIV). Copenhagen: Nordisk Sprog- og Kulturforlag.

- Маслов, Ю. С. (2005). *Введение в языкознание: учебник для филологических и лингвистических факультетов высших учебных заведений*. Санкт-Петербург; Москва: Филологический факультет СПбГУ; Академия.
- Васильев, Л. М. (2005). *Современная лингвистическая семантика* (2-е изд.). Москва: Высшая школа.
- Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. (2017). Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры.
- Жұбанов, Қ. (1966). *Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер*. Алматы: Ғылым.
- Циткина, Ф. А. (1988). *Терминология и перевод: к основам сопоставительного терминоведения*. Львов: Вища школа.
- Исакова, С. С. (2008). *Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық аспектісі* (филология ғылымдарының докторы диссертациясы). Алматы.
- Володина, М. Н. (1996). *Термин как средство специальной информации*. Москва: МГУ.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том. (2011). Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. Алматы.
- Омарұлы, Е. (2017). Қазақша пән сөздер. *Терминком*. <https://www.termincom.kz/articles/?id=1>

References

- Peirce, C. S. (1931). Logic as semiotic: The theory of signs. In *Collected papers of Charles Sanders Peirce* (Vol. 2). Harvard University Press.
- Morris, C. W. (1938). *Foundations of the theory of signs*. University of Chicago Press.
- Saussure, F. de. (1916). *Cours de linguistique générale* [Course in general linguistics]. Payot. (In French)
- Benveniste, É. (1966). La nature du signe linguistique [The nature of the linguistic sign]. In *Problèmes de linguistique générale* [Problems in general linguistics] (Vol. 1). Gallimard. (In French)
- Ullmann, S. (1957). *The principles of semantics*. Basil Blackwell.
- Ogden, C. K., & Richards, I. A. (1989). *The Meaning of Meaning: A Study of the Influence of Language upon Thought and of the Science of Symbolism*. Routledge & Kegan Paul.
- Hjelmslev, L. (1973). *Essais linguistiques II* [Linguistic essays II] (Travaux du Cercle Linguistique de Copenhague, Vol. XIV). Nordisk Sprog- og Kulturforlag. (In French)
- Maslov, Yu. S. (2005). *Vvedenie v yazykoznanie: Uchebnik dlia filologicheskikh i lingvisticheskikh fakultetov vysshikh uchebnykh zavedenii* [Introduction to linguistics: A textbook for philological and linguistic faculties of higher educational institutions]. Filologicheskii fakultet SPbGU; Akademiya. (In Russian)
- Vasilev, L. M. (2005). *Sovremennaiia lingvisticheskaia semantika* [Modern linguistic semantics] (2nd ed.). Vysshiaia shkola. (In Russian)
- Akhmet Baitursynulyнын тилтанымдық мұрасы [The linguistic heritage of Akhmet Baitursynuly]. (2017). Alashorda Public Foundation. (In Kazakh)
- Zhubanov, Q. (1966). *Qazaq tili zhonindegi zertteuler* [Studies on the Kazakh language]. Gylym. (In Kazakh)
- Tsitkina, F. A. (1988). *Terminologiya i perevod: K osnovam sopostavitelnogo terminovedeniia* [Terminology and translation: Toward the foundations of comparative terminology studies]. Vyshcha shkola. (In Russian)
- Isakova, S. S. (2008). *Qazaq terminantymynyn kognitivtik-pragmatikalıy aspektisi* [Cognitive-pragmatic aspect of Kazakh terminology studies] (Doctoral dissertation). Almaty. (In Kazakh)
- Volodina, M. N. (1996). *Termin kak sredstvo spetsialnoi informatsii* [Term as a means of special information]. Moscow State University. (In Russian)
- Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq. 6-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes. Vol. 6]. (2011). Zh. Qonyratbaeva, Gh. Qaliev, Q. Esenova et al. (Comps.). Almaty. (In Kazakh)
- Omaruly, E. (2017). Qazaqsha pan sozder [Kazakh subject terms]. *Terminkom*. <https://www.termincom.kz/articles/?id=1> (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Кегенбекова Алтын Дәулетқұлқызы – PhD докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: kegenbekova.altyn@gmail.com).

Жұбай Орынай Сағынғалиқызы – филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: alm-ornai@mail.ru).

Али Акар – филология ғылымдарының докторы, профессор, Мұғла Сытқы Кочман университеті (Мұғла, Түркия, e-mail: akar@mu.edu.tr).

Солтанбекова Альфия Абдыкеновна – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: alfiabarlybaeva24@gmail.com).

Information about the authors:

Кегенбекова Алтын – PhD student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kegenbekova.altyn@gmail.com).

Zhubai Orynai – Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: alm-ornai@mail.ru).

*Ali Akar – Doctor of Philological Sciences, Professor, Mugla Sitki Kocman University (Mugla, Turkey, e-mail: akar@mu.edu.tr).
Soltanbekova Alfya – Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: alfiabarlybaeva24@gmail.com).*

Свидения об авторах:

Кегенбекова Алтын Даулетқұлқызы – PhD докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы (Алматы, Қазақстан, e-mail: kegenbekova.altyn@gmail.com).

Жубай Орынай Сагынғалиқызы – доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби (Алматы, Қазақстан, e-mail: alm-ornai@mail.ru).

Али Акар – доктор филологических наук, профессор, Университет Мугла Сыткы Кочман (Мугла, Турция, e-mail: akar@mu.edu.tr).

Солтанбекова Альфия Абдыкеновна – кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы (Алматы, Қазақстан, e-mail: alfiabarlybaeva24@gmail.com).

*Келіп түсті: 13 қазан 2025 жыл
Қабылданды: 8 маусым 2026 жыл*